**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің**

**6В02124-Медиаөнер**

(білім беру бағдарламасының атауы және коды)

**білім беру бағдарламасына**

**сараптамалық қорытынды**

(сыртқы сараптама)

1. Білім беру бағдарламасын бағалау (бұдан әрі - БББ)

А) Бағдарламаның еңбек нарығындағы қажеттілігі Медиаөнер білім беру бағдарламасы үш бірдей мақсатты алға қойған. Ол – шығармашылық, ұйымдастырушлық, технологиялық құзыреттіліктерді қамтиды. Аталған құзыреттіліктер медианарықтың алдағы онжылдықтағы даму үдерісімен тығыз байланысты. Сондықтан білім беру бағдарламасы таяу жылдардағы медиакеңістікте сұранысқа ие мамандар даярлайды.

Б) БББ-ның кәсіби қызметті реттейтін нормативтік құжаттарға сәйкес келуі: Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ), Салалық біліктілік шеңбері (СБШ), Кәсіби стандарт (КС), оқыту нәтижелерінің еңбек функцияларына сәйкестігі (КС болмаған жағдайда)

Білім беру бағдарламасы мынадай нормативтік құжаттарға: Ұлттық біліктілік, салалық біліктілік, кәсіби стандарттарға толық сәйкес келеді. Пәндердің оқыту нәтижелерінде еңбек функциясы ескерілген. Кәсіби құзыреттіліктер нақты көрсетілген.

В) БББ мазмұнының экономиканың, қоғамның салаларын дамытудың қазіргі заманғы деңгейіне, ғылымның жетістіктеріне және жұмыс берушілердің сұраныстары мен қажеттіліктеріне сәйкестігі

Медианың болашақтағы даму тенденцияларына талдау жасау барысында аңғарғанымыз баспа, телеарна, радио, кино, театрда сандық технология мүмкіндіктері мен кәсіби редакторлардың шеберлігі айқын байқалады. Сондықтан білім беру бағдарламасында медианың барлық саласын өнердің бір түрі ретінде дамыту мен түрлендіруге ерекше көңіл бөлінеді. Баспа саласындағы электронды кітап, түрлі форматтағы баспа өнімдері тұтынушы талғамына сәйкес дайындалады. Жалпы медиаөндірістің барлық саласында өзгерістер мен жаңалық жасау үшін креативті шығармашыл тұлға болу маңызды. Осы құзыреттілік білім беру бағдарламасындағы пәндерден ұтымды көрінген.

2. Білім беру бағдарламасын жетілдіру бойынша ұсыныстар

Білім беру бағдарламасында киносценарий жазу, әлеуметтік желідегі кибербуллингке қарсы әдістерді үйретуге бағытталған пәндер қосылса.

3. Қорытынды:

Білім беру бағдарламасы оқу процесінде пайдалануға ұсынылады

Білім беру бағдарламасы оқу процесінде пайдалануға ұсынылады

4. Сараптама жүргізген: ЖҰМЫС БЕРУШІ

**«ҚАЗАҚ РАДИОЛАРЫ» ЖШС**
**Бас директоры**
**Е. Бурахан**

(қолы) 17. 05. 2022 (күні)

ҚАЗАҚ РАДИОЛАРЫ

**М.О.**